

"КЕЛІСЕМІН"

Қостанай қаласы әкімдігінің
мәдениет және тілдерді дамыту
бөлімі" ММ басшысы

С.Әзімжанова

«_____» _____ 2026 ж.



«БЕКІТЕМІН»

Қостанай қаласы әкімдігінің
мәдениет және тілдерді
дамыту бөлімінің «Мирас»
қалалық мәдениет сарайы»
МККК директоры

З.Иманова

2026 ж.



«JAS star.kst» қалалық шығармашылық конкурс өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Конкурс өткізуде осы Ереже негізгі құжат болып табылады, мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу мерзімдерін, қатысушыларды бағалау өлшемшарттарын айқындайды.

1.2. «JAS star.kst» (бұдан әрі-конкурс) Қостанай қаласы әкімдігінің қолдауымен «Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Мирас» қалалық мәдениет сарайы» МККК (бұдан әрі - «Мирас» мәдениет сарайы өткізеді.

1.3. Байқаудың негізгі идеясы - жастардың вокалдық, хореографиялық шығармашылығын дамыту.

1.4. Өтетін орны - Қостанай қаласы «Мирас» мәдениет сарайы.

2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Байқау дарынды, шығармашыл жастарды анықтау және қолдау мақсатында өткізіледі.

2.2. Негізгі міндеттер:

- 1) Қостанай қаласының дарынды жастарының адамгершілік құндылықтары мен шығармашылық қабілеттерін сақтау және арттыру;
- 2) шығармашылық ұжымдар мен орындаушыларға өздерінің шығармашылық әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беру;
- 3) ұжымдар, орындаушылар, басшылар мен педагогтер арасында тәжірибе алмасу үшін шығармашылық алаң құру;
- 4) шығармашылық жастардың орындаушылық шеберлігін арттыру.

3. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН БАҒЫТТАР

3.1. Конкурсқа Қостанай қаласы мен Қостанай облысының жастары қатысады.

Филармонияда жұмыс істейтін қатысушыларға қатысуға рұқсат етілмейді.

Мақсатты топ: оқушылар, студенттер, 14-35 жас аралығындағы жастар (вокал – 15 жастан -35 жас; хореография – 14 жастан -30 жас аралығында).

3.2. Конкурсқа қатысушылар келесі бағыттарда ұсынылуы мүмкін:

- 1) вокал (*солистер, топтар, ансамбльдер*);
- 2) хореография (*шағын топтар, ансамбльдер, ұжымдар*).

4. КОНКУРС ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Конкурсқа қатысу үшін қатысушылар өтінімді 1, 2-қосымшаға сәйкес ұйымдастыру Комитетіне жібереді

4.2. Өтінімдер **2026 жылдың 20 наурыз дейін** «Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Мирас» қалалық мәдениет сарайы» МКҚК электрондық мекенжайына қабылданады: **Miras01092019@mail.ru** (хаттың тақырыбында конкурстың атауын көрсетуді ұмытпаңыз).

Байқау екі кезеңде өткізіледі:

- кастинг (алдын ала іріктеу);
- финал.

4.3. Байқауға тандалған бағытқа сәйкес шығармашылық нөмірлер ұсынылады: хореографиялық немесе вокалдық.

4.4. Орындау репертуары - еркін.

4.5. Қатысушылардың орындау тәртібін ұйымдастыру Комитеті айқындайды.

4.6. Жеңімпаздарды бағалау критерийлеріне сәйкес құзыретті қазылар алқасы анықтайды.

4.7. Орындаудың аудиожазбасы USB флэш-дискісінде жақсы сапада берілуі керек. Bluetooth немесе flash арқылы қосылған телефондар мен өзге де аспаптар, сондай-ақ кез келген басқа аудио-форматтар **қабылданбайды**. Флэш-дискідегі әрбір файл **келесі форматта** болуы керек:

- номинация;
- ұжымның атауы (немесе орындаушының аты-жөні);
- нөмірдің атауы.

4.8. Қазылар алқасы қатысушының орындауын тоқтатуға құқылы, сондай-ақ дауысты ашу үшін басқа композицияны орындауды ұсынуға болады (қазылар алқасының қалауы бойынша).

4.9. Ұйымдастырушылар конкурс барысында алынған фотосуреттерді, бейнематериалдарды жарнамалық мақсатта пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

4.10. Форс-мажорлық мән-жайлар болған жағдайда ұйымдастырушылар конкурстың күшін жоюға не оны басқа күнге ауыстыруға, сондай-ақ өткізу орнын ауыстыруға құқылы.

5. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

5.1. Қатысушылардың өнерін белгілі мәдениет қайраткерлері, орындаушылар арасынан құзыретті қазылар алқасы бағалайды. Қазылар алқасының құрамын ұйымдастыру Комитеті қалыптастырады және бекітеді.

5.2. Қазылар алқасы әр қойылымды 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. **Қазылар алқасы қатысушыларды жабық дауыс беру арқылы бағалайды. Қазылар алқасының шешімі талқыландырмайды және шағымдануға жатпайды.** Барлық хаттамалар ұйымдастыру Комитетіне жіберіледі.

5.3. Конкурстың әр бағытындағы жүлде қоры (вокал, хореография):

Бас жүлде - 1 000 000 теңге;

I орын - 500 000 теңге;

II орын - 300 000 теңге;

III орын - 150 000 теңге.

5.4. Қазылар алқасы қосымша номинациялар мен марапаттар беруге құқылы. Лайықты үміткерлер болмаған жағдайда қазылар алқасы Гран-при мен жүлделі орындарды бермеу құқығын өзіне қалдырады.

6. ВОКАЛДЫҚ КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ.

6.1. Вокалдық өнер бағыттары:

1) академиялық вокал;

2) эстрадалық вокал.

6.2. Шарттары:

1) әрбір қатысушы 2 конкурстық туынды ұсынады;

2) барлық туындылар «минус» фонограммамен немесе сүйемелдеумен орындалады (қатысушы өзінің концертмейстерімен бірге өнер көрсетуге құқылы);

3) солистер үшін «бэк-вокал» фонограммаларын пайдалануға рұқсат етіледі. DOUBLE-вокалға жол берілмейді (негізгі партияның аспаптық немесе дауыстық дубляжы). Ансамбльдер үшін тіркелген «бэк-вокалға» жол берілмейді.

4) шығарманың орындалу регламенті - 4 минутқа дейін;

5) іріктеу кастингінде вокалдық нөмірлер 2,5 минуттан аспауы тиіс, финалда өнерлерін толық көрсетуге жол беріледі;

6) алдын ала дайындық тек конкурс күні, конкурс басталғанға дейін;

7) ашық оттан басқа тақырыптық аксессуарлар мен заттарды пайдалануға рұқсат етіледі.

6.3. Бағалау критерийлері:

- 1) орындаушылық және сахналық шеберлік;
- 2) сахналық костюмнің таңдалған бейнеге сәйкестігі;
- 3) репертуардың тақырыптық және көркемдік мазмұны;
- 4) музыкалық, көркем образды ашуы;
- 5) музыкалық сүйемелдеудің сапасы.

7. ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ.

7.1. Хореография бағыттары:

- 1) заманауи би;
- 2) эстрадалық би;
- 3) классикалық би.

7.2. Қатысушылардың санаттары:

- 1) шағын топ (10 қатысушыға дейін);
- 2) ансамбль (20 қатысушыға дейін);
- 3) ұжым (20-дан астам қатысушы).

7.3. Шарттары:

- 1) әрбір қатысушы 2 конкурстық би ұсынады;
- 2) би қойылымының регламенті - 4 минутқа дейін;
- 3) іріктеу кастингінде 3 минуттан аспайтын би нөмірлеріне жол беріледі, финалда өнерлерін толық көрсетуге жол беріледі;
- 4) алдын ала дайындық тек конкурс күні, конкурс басталғанға дейін;

7.4. Бағалау критерийлері:

- 1) орындаушылық және сахналық шеберлік;
- 2) нөмірдің композициялық құрылысы;
- 3) сахналық костюмнің ұсынылған хореографиялық композицияның мазмұнына сәйкестігі;
- 4) репертуардың тақырыптық және көркемдік мазмұны;
- 5) көркем образды ашуы;
- 6) музыкалық сүйемелдеу сапасы.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Ұйымдастыру Комитеті осы Ереженің мәтініне толықтырулар мен өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Алдыңғы байқауларда Гран-при және I орын алған қатысушылардың қатысуға өтінімдері қабылданбайды (вокал, хореография):

- сахнаға бөтен заттарды, конфетти, отшашуды, отты қолдануға тыйым салынады;
- байқауға қатысушылардың қалауы бойынша іс-шараға 2-3 күн қалғанда музыкалық материалды ауыстыруға мүмкіндік берілмейді;

- сахнада, сахна сыртында және киім ауыстыратын бөлмелерде қатысушылардың олқы мінез-құлқына жол берілмейді;
- сахнаға көше аяқ киімімен шығуға қатаң тыйым салынады;
- қойылымнан кейін қатысушылар сахна сыртына шығады, сахнадан залға түсуге тыйым салынады;
- қатысушылардың сахнада орындауы кезінде залда жүруге және қатты сөйлеуге тыйым салынады;
- қатысушылар өнерлерін көрсету үшін сахнаға кемінде 2 нөмір бұрын жақындап, дайын тұруы керек;
- қатысушылар фестиваль кезінде тәртіпті, тазалықты сақтауға міндетті;
- қоғамдық тәртіп пен осы Ереже бұзылған жағдайда қатысушылар одан әрі қатысудан шеттетілуі мүмкін.

Ұйымдастыру комитетімен байланыс:
Электрондық мекенжайы: miras01092019@mail.ru
Анықтама телефоны: 8-777-238-45-29, В.М.Степанова

**«JAS star.kst» шығармашылық конкурса
өтінім**

Қосымша 1

Бағыт: хореография

Ұжымның атауы:	
Жетекшінің аты жөні:	
Қатысушылар саны:	
Жас санаты:	
Бағыт (<i>бидің түрі мен стилі</i>)	
Оқу орны / жұмыс орны / студия	
Нөмірдің атын көрсетіңіз (<i>бар болса</i>)	

Жедел байланыс үшін байланыстар.

Телефон:	
Ұжымның әлеуметтік желілеріндегі аккаунттар	
Байланыс тұлғасы / аты-жөні	

Қосымша 2

**«JAS star.kst» шығармашылық конкурса
өтінім**

Бағыт: вокал

ТАӘ (<i>куәлік бойынша</i>) немесе ұжымның атауы (<i>бар болса</i>)	
Жетекшінің аты жөні (<i>бар болса</i>)	
қатысушылар саны:	
Жас санаты:	
Оқу орны / жұмыс орны / студия	
Әннің атауы, авторлары:	
Вокалдық жанр:	

Жедел байланыс үшін байланыстар.

Телефон:	
Орындаушының/ұжымның әлеуметтік желілеріндегі аккаунттар	
Байланыс тұлғасы / аты-жөні	